

Қазақстан Республикасының 2007-2015 жылдарға арналған электр энергетикасы саласын дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 31 мамырдағы N 147-ө
Өкімі

Қазақстан Республикасының электр энергетика саласын дамытуды қамтамасыз ету
м а қ с а т ы н д а :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының 2007 - 2015 жылдарға арналған электр энергетикасы саласын дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, мүдделі заңды тұлғалар Жоспардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2007 жылғы 31 мамырдағы
N 147-ө өкімімен

бекітілген

Қазақстан Республикасының 2007 - 2015 жылдарға арналған электр энергетикасы саласын дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р/с N№	Іс-шараның атауы	А я қ т а у нысаны	О р ы н д а - л у ы н а ж а у а п - тылар	Орындалу мерзімі
1	2	3	4	5
1	Электр энергиясының 2015 жылға дейінгі теңгерімдерін бекіту	Э М Р М бұйрығы	Э М Р М, "Самұрық" А Қ (келісім бойынша)	2 0 0 7 ж ы л ғ ы маусым
2	Қайта құруға, жаңғыртуға және кеңейтуге жататын электр энергетикасы объектілерінің, сондай-ақ әр объектінің құрылыс көлемін және болжалды	Э М Р М бұйрығы	ЭМРМ, ЭБЖМ, "Самұрық" А Қ (келісім бойынша), энергия кәсіп-орындары	

	мерзімін көрсете отырып, жаңа энергетикалық объектілер құрылысының тізбесін дайындау			2007 жылғы маусым
3	Электр энергетикасы саласының инвестициялық тартымдылығын арттыру мақсатында Салық кодексіне, Жер кодексіне, "Инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу	З а ң жобалау қызметі жөніндегі ведомствоаралық комиссияға ұсыныс	Э М Р М , Ә ділет- мині, ЭБЖМ, Қаржымині, И С М , Т М Р А , "Самұрық" А Қ (келісім бойынша)	2007 жылғы маусым
4	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 9 сәуірдегі N 384 қаулысына өзгерістер енгізу	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ЭМРМ (жинақтау), ЭБЖМ, ИСМ, "Самұрық" АҚ (келісім бойынша)	2008 жылғы маусым
5	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банктің экономикалық және әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттары және тиісті жылға арналған экономикалық көрсеткіштердің болжамы туралы жыл сайынғы бірлескен мәлімдемесінің құрамында қабылдау мақсатында электр энергиясын өндіруге, тасымалдауға және тұтынушыларға жеткізуге арналған бағаның болжамды деңгейін әзірлеу	ЭБЖМ-ға ұсыныс	ЭМРМ, ИСМ, Т М Р А , "Самұрық" А Қ (келісім бойынша)	2008 жылғы қаңтар
6	Іске асырылуы мемлекеттің қолдауымен (республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландыру, мемлекеттік кепілдіктер мен кепілгерлік) жүзеге асырылатын, қайта құруға және салынуға тиісті электр энергетикасы объектілерінің тізбесін дайындау	Объектілерді қайта құруды және салуды мемлекеттік қолдау мәселесін белгіленген тәртіппен РБК-ның қарауына	Э М Р М , Э Б Ж М , Қаржымині, облыстар- дың , Астана және Алматы қалаларының әкімдері, "Самұрық" АҚ (келісім бойынша),	

		кейіннен енгізуге арналған объекті- лердің тізбесі	энерге- тикалық кәсіп- орындар	2007 жылғы маусым
7	Қазақстан Республикасының тұтынушыларын Жамбыл МАЭС-тің қол жетімді электр энергиясымен қамтамасыз етуге мемлекеттің қатысу мәселесін пысықтау	Қазақстан Республикасы-ның Үкіметіне ұсыныс	ЭМРМ (жинақтау), ЭБЖМ, "Самұрық" АҚ (келісім бойынша)	2007 жылғы маусым
8	Энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органды институцио- налдық күшейту жөнінде ұсыныстар енгізу	Әкімшілік реформаны жүргізу жөніндегі ведомствоаралық комиссияға ұсыныс	ЭМРМ, ЭБЖМ, Әділетмині	2007 жылғы маусым
9	Жаңа қуаттарды қосуды ескере отырып, электр және жылу желілерін дамытудың өңірлік схемаларын әзірлеу	Әкімдік- тердің қаулысы	Облыс- тардың, Астана және Алматы қалала- рының әкімдері, ЭМРМ, ТМРА	2007 жылғы шілде
10	"Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, сондай-ақ жылумен жабдықтау мәселелері жөніндегі басқа да заңнамалық және нормативтік актілерге өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу	Заң жобалау қызметі жөніндегі ведомство- аралық комиссияға ұсыныс	ЭМРМ, ЭБЖМ, Әділет- мині, ИСМ, ТМРА, "Самұрық" АҚ (келісім бойынша)	2007-2008 жылдар
11	"Самұрық Энерго" АҚ генерациялайтын компаниясын құру жөнінде ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республи- касының Үкіметіне ақпарат	"Самұрық" АҚ (келісім бойынша)	2007 жылғы желтоқсан

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЭМРМ - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар
министрлігі

ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау

м и н и с т р л і г і

Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі

Әділетмині - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі

ТМРА - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі

"Самұрық" АҚ -»"Самұрық" мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі

қазақстандық холдингін" акционерлік қоғамы

РБК - Республикалық бюджет комиссиясы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК